

«Алтын бесік-1» бөбекжай балабақшасы.

Баяндама

«Мектепке дейінгі білім беру
үйымдарындағы оку тәрбие жұмыстарын
жаңарту» (пед. кенес)

Кенен-2018

Баяндама:"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу тәрбие жұмыстарын жаңғыру"

Макаров жалпы орта білім беретін мектебі



«Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енүі үшін: білімдіде зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті үрпак керек»
Н.Ә.Назарбаев

Ал қазіргі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын менгермейінше, білікті маман болу мүмкін емес. Елбасының «Болашақтың берік іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында «Әлеуметтік жаңғыру – жаңа әлеуметтік саясат деген айдармен айқындалып, өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» - деп жазылған. Жаңа технологияны менгеру мүғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр.

«Ұстаздың бігі ойдана қарасаң биіктей береді,
үңіле қарасаң, терендей береді,
қол созсаң қарсы алдында,
айналсаң артында тұрғандай» – деп Сократ айтқандай Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ үрпакқа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілетті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Сапалы білім – ел болашағын айқындастын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бұлдіршіндер ертең ел

тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алудың бүгін қамтамасыз ету –мұғалімнің басты міндегі.

12 жылдық білім беруге көшу үрдісі мектепке дейінгі тәрбие және білім беруді үйімдастыруға жоғары талап қоюда. Ол өз кезегінде неғұрлым тиімді педагогика-психологиялық әдістер арқылы бұл мәселені шешуге итермелейді. Мектепке дейінгі оқыту, жаңа сапалық деңгейге шығу инновациялық технологияларды әзірлемей мүмкін емес. Педагогикалық инновация, бұл – дамуы, тәрбие мен оқытудың жақсартуға бағытталған, сонымен қоса мақсаттар мен мазмұнды, формалар мен әдістерді жетілдіруге негізделген өзгерістер. Олар ғылыми ізденис ретінде педагогтың келешектегі өздік дамуын талап ететін санасын қалыптастырады. Ал қазіргі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын менгермейінше, білікті маман болу мүмкін емес. Елбасының «Болашақтың берік іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында «Әлеуметтік жаңғырту – жаңа әлеуметтік саясат деген айдармен айқындалып, өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредитосына айналуы тиіс» - деп жазылған. Жаңа технологияны менгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді үйімдастыруына көмектеседі. Ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in -novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Иновациялық білім беру құралдарына : аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар және тағы басқалары жатады. . Интерактивті тақта сабакқа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап ,қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Интерактивті тақтаны колданудың тиімділігі шексіз. Осындағы құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтардың сабакта пайдалану оку іс-әрекеттерінің жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызыры анық. Бұл жағдайда мұғалім әр оқу іс-әрекеттерін өтер алдында жиі-жиі көрнекіліктер аудиостырмалар болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы мұғалім уақытты тиімді және ұтымды пайдаланағын айқын. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың кызығушылығын арттырады , екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік береді , сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оку іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденимпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Әр мұғалім өз сабағының –көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттай білу ол шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен

тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда ұлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет.

«Бала біздің болашағымыз, қоғамыздың азаматы».

Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- -Денсаулық сақтау технологиясы.
- -Жобалы-іс шығармашылығы.
- -Ізденіс-шығармашылық технологиясы.
- -Қатынастық-ақпараттық технология
- -Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы.
- -Ойын технологиясы.
- -Триз технологиясы

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, баланың денсаулығы мен оның дene бітімінің қалыптасынуна үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттік жүйесіз мүмкін емес. Денсаулық сақтау технологиясы мынадай топтарға жіктеледі:

Әдістемелік-профилактикалық: медбикенің жетекшілігі мен медициналық талаптардың нормасына байланысты. Медициналық құралдарды қолдану және балалардың тамақтануын қадағалау, алдын алу іс-шараларын жүргізу. Сауықтыру-шынықтыру: бұл балалардың денсаулығын нығайтып, шынықтыруға бағыттау. Физикалық дамуының сапасын жақсартуда шынықтыру, тыныс алу жаттығулары жатады.

Жобалау шығармашылық технологиясы.

Мақсаты: Элеуметтік тұлғалық тәжірибелі дамыту және байыту.

Тәрбиешілер өз іс әрекеттерінде жобалау технологиясын қолданады.

Жобалау класификациясы «Ойын түрінде» барлық топтың қатысуымен өткізілетін сабактар(онындар, ұлттық билер, драматизациялау, әр түрлі көңіл көтерулер) «Баяндау» Балалар өз сезімін көркемдеп, музыка арқылы, ауызша, жазбаша, жеке дауыста жеткізуді үйренеді. «Күрастыру» анық пайдалы заттарды жасауға бағытталған; (құс ұясы, гүлзарлар құрылымы.)

Триз жүйесі бойынша шығармашылық әңгіме барысында қалыпсыз тәсілдерді қолдану.

Триз технологиясының мақсаты: баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда Знегізгі мақсат қаастырылған.

1. Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту. Айналадағы дүниені табиғатты бақылау, таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту, баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдалап, өзіне қойылған сұраққа жауап беруге үйрету: Заттың атын (оныншық, гүл, жапырақ т.б) заттың

сынын, сапасын, түр түсін, пішінін білдіретін сөздерді менгерту. Заттың іс - әрекетін білдіретін (жүрді, жүгірді, келді, келеді, епті т.б) сөздерді әрі қарай менгерту. Үстене сөздерді (касында, үстінде, осында, жоғарыда, төменде) қосып айтуға үйрету.

2 Сөз дыбыстарын дұрыс айту. Сөйлеуде ауыз қуысы арқылы дұрыс дем шығара білуге үйрете отырып, дауыссыз қатаң, ұян дыбыстарды естілуіне қарай дұрыс, анық айтуға үйрету, 3 4 сөзден тұратын сөйлем құрату.

3. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Күнделікті сабакта естіген, білгенін, ойын, серуен кезінде көрген түйгенін, сурет және оқылған ертегілер мазмұнын ұнатқан ойыншықтары жайында ауызша сұрақ қоя отырып, әңгімелей отырып, қыска ертегілердің кейіптендіре білуге үйрету. Мысалы: «Тұлкі мен ешкі» ертегісінде: Тұлқінің терісі қандай?(ұлпілдек) тағы нелер ұлпілдек болады? (қар, шапан, тымақ, мысықтың жұні, кілемнің беті) Ешкінің түсі сұр болған, тағы нелер сұр түске жатады? (сұр бұлт, сұр бас киім, сұр ішік, сұр қоян)

-Кұдықтың суы қандай болады? –Мұздай. Тағы нелер мұздай болады?
(мұздай су, мұз, суық жел, кар, су, мұз жатады)

Балалардың шығармашылығын дамыту жолында:

-Сурет салу

-Мүсіндеу

-Жапсырма

-Музыка. ұйымдастырған оку іс –әректтер өткізіледі.

Сурет салу оку іс-әрекетінде қалыпсыз тәсілдер қолданылады.

Мәселен: Бала сурет салуда тек қана қыл қаламмен сурет салып қоймай неше түрлі тұтікшелерді; жіптерді картоп кималарын: трафареттерді: тіс паставы мен тіс щеткасын, қайнатылған ас бояғыштарын қолданады.

Ал шөптерді салу үшін, тағыда тіс щеткасын жасыл бояуға батырып алып саусақ пен тіс щеткасының тістерін қағу арқылы шашыратамыз. Сонында керемет «Бақ-бақ» гүлі өскен алаңқайды бейнелей аламыз. Және де тұтікшелерді қолданып, үрлеу арқылы бейнелеуге болады.

Алаканды бояуға батыру арқылы бастырмалап сурет салуға болады.

Мәселен : кактус салуға болады. Мұндай қалыпсыз тәсілдерді қолдану баланың қиялын дамытады. Өзіне-өзі риза болып одан да керемет жұмыс жасауға талпынады. Оку іс-әрекеттерін кіріктірудің тиімді жағы өте көп. Біріншіден бала жалығып кетпейді: Екіншіден бір саладан екінші салаға ауысу арқылы олардың қызығушылығы артады.

Берілген тапсырмаларды орындау, балаларды, еркін қиялдарға шығармашылық пен айналысуға кедергі келтіретін психологиялық селкостықты жоюға ықпал жасайды.

Балада танымдық қызығушылықтың болуы-олардың оку іс-әрекеттерге белсенді, білімнің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі байқалып өз нәтижесін көрсетті.

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды сабакта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы менгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Осы қағидалар негізінде сабакты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу - оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап ізделп жан-жақты білім алуына көмектеседі.

Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады.

Ұлы педагог Ушинский: «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа салып құям десе де мұғалімнің қолында» дегені әр ұстазға қойылар үлкен сын деп ұғамын, ал ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру он ықпалын беріп отыр.

Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдана білу сіз бен біздің үлесімізде, құрметті әріптер!